Утвержден
Решением единственного учредителя
Частного Фонда «Дара»
№ 1 от 01 ноября 2009 года

# Устав
# Частного фонда
# «Дара»

Алматы 2009 г.

«Дара» Жеке Қоры
дара құрылтайшысының
2009 жылғы 1 қарашадағы № 1
шешімімен бекітілген

# «Дара»
# Жеке Қорының
# жарғысы

Алматы 2009 ж.

СМОТРИ
НА ОБОРОТЕ

| | |
|---|---|
| **СТАТЬЯ 1. НАИМЕНОВАНИЕ И МЕСТО НАХОЖДЕНИЯ ФОНДА** | **1-БАП. ҚОРДЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ** |
| 1.1. Наименование Фонда:<br>на русском языке:<br>• полное наименование - Частный Фонд «Дара»;<br>• сокращенное наименование - ЧФ «Дара»;<br>на казахском языке:<br>• полное наименование - "Дара" Жеке Коры;<br>• сокращенное наименование - "Дара" ЖК;<br>на английском языке:<br>• полное наименование - "Dara";<br>• сокращенное наименование - "Dara". | 1.1. Қордың атауы:<br>орыс тілінде:<br>• толық атауы - Частный Фонд «Дара»;<br>• қысқартылған атауы - ЧФ «Дара»;<br>қазақ тілінде:<br>• толық атауы - "Дара" Жеке Қоры;<br>• қысқартылған атауы - "Дара" ЖК;<br>ағылшын тілінде:<br>• толық атауы - "Dara";<br>• қысқартылған атауы - "Dara". |
| 1.2. Местонахождение Фонда: 050000, Республика Казахстан, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Курмагaнзы, д. 54, кв.13. | 1.2. Қордың орналасқан жері: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Құрманғазы к-сі, 54-үй, 13-пәтер. |
| **СТАТЬЯ 2. ПРАВОВОЙ СТАТУС ФОНДА** | **2-БАП. ҚОРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ** |
| 2.1. Частный Фонд «Дара» (далее «Фонд») является не имеющей членства некоммерческой организацией, учрежденной одним учредителем на основе добровольных имущественных взносов и преследующей социальные, благотворительные, культурные, образовательные и иные общественно-полезные цели, определенные в настоящем Уставе. | 2.1. «Дара» Жеке Қоры (бұдан әрі «Қор») әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім беру және осы Жарғыда анықталған басқа да қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін және құрылтайшылардың бірі ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым болып табылады. |
| 2.2. Фонд создан в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях» и другими нормативно-правовыми актами. | 2.2. Қор Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құрылған. |
| 2.3. Правоспособность Фонда как юридического лица возникает с момента его государственной перерегистрации в порядке, установленном законодательными актами Республики Казахстан. Перерегистрация осуществляется в связи с | 2.3. Қордың заңды тұлға ретіндегі құқықтық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік қайта тіркеуге алынған сәттен бастап туындайды. Қайта тіркеу Жарғыдағы өзгерістерге |

| | |
|---|---|
| изменениями в Уставе. Фонд является правопреемником всех прав и обязательств, включая и оспариваемые, Частного Фонда «Дара», зарегистрированного Департаментом Юстиции г. Алматы 21.06.2007г., Свидетельство о государственной регистрации № 70435-1910-Ф-д. | байланысты іске асырылады. Қор Алматы қаласының Әділет департаменті 21.06.2007ж. тіркеуге алған, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 70435-1910-Ф-д «Дара» Жеке Қорының барлық құқықтары мен міндеттемелерінің, оның ішінде дауланатындарының да құқылы мирасқоры болып табылады. |
| 2.4. Фонд осуществляет свою деятельность на принципах самоуправления, добровольности, законности, гласности отчетности, самофинансирования и полной хозяйственной самостоятельности при строгом соблюдении действующего законодательства и обязательств перед Учредителем. Фонд не имеет в качестве основной цели извлечение дохода. Все доходы от деятельности Фонда направляются на достижение его уставных целей. | 2.4. Қор қызметін өзін өзі басқару, еріктілік, заңдылық, жариялылық, есептілік, өзін өзі қаржыландыру және қолданыстағы заңнама мен Құрылтайшының алдындағы міндеттемелерін қатаң орындаған жағдайда толық шаруашылық дербестік қағидаттарына сүйене отырып іске асырады. Қор табыс алуды негізгі мақсаты етіп көздемейді. Қордың қызметінен түсетін барлық табыс жарғылық мақсаттарына жетуге бағытталады. |
| 2.5. Фонд имеет обособленное имущество, самостоятельный баланс, счета, может от своего имени приобретать имущественные и личные неимущественные права и нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде, совершать иные действия в соответствии с уставными целями и предметом деятельности. Фонд имеет печать и штамп со своим наименованием, бланки, символику и образцы. | 2.5. Қордың бөлек мүлкі, дербес балансы, шоттары бар, ол өз атынан мүлікті және жеке мүлікті емес құқықтарға ие болып, міндеттемелер арта алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады, қызметінің жарғылық мақсаттары мен мәніне сәйкес басқа да әрекеттерді жасай алады. Қордың атауы жазылған мөрі мен мөртаңбалары, бланкілері, рәміздері мен үлгілері бар. |
| 2.6. Срок деятельности Фонда неограничен. | 2.6. Қордың қызмет ету мерзімі шектелмеген. |
| **СТАТЬЯ 3. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФОНДА** | **3-БАП. ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ** |
| 3.1. Основной целью Фонда является благотворительная деятельность путем формирования имущества на основе добровольных имущественных взносов и иных не запрещенных законом поступлений и направление их на оказание материальной, социальной и иной помощи детским медицинским учреждениям, детским домам, школам-интернатам для детей с ограниченными возможностями. | 3.1. Қордың негізгі мақсаты ерікті мүлікті жарналардың және заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдердің негізінде мүлік жинап, оларды балаларға арналған медицина мекемелеріне, балалар үйіне, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектеп-интернаттарға материалды, әлеуметтік және басқа да көмек көрсетуге бағыттау арқылы қайырымдылық қызметпен шұғылдану болып табылады. |

| | |
|---|---|
| 3.2. Фонд создан для достижения нижеследующих целей:<br>• Оказание финансовой и материальной адресной помощи детским учреждениям для детей сирот и детей с ограниченными возможностями через посредничество между детскими организациями и коммерческими организациями/физическими лицами, желающими оказать спонсорскую поддержку.<br>• Социальная поддержка и реабилитация детей-сирот, детей с ограниченными возможностями, детей, находящихся на длительном лечении в медицинских учреждениях, а также их родителей;<br>• Помощь медицинским учреждениям, улучшение местного медицинского оснащения и повышение уровня знаний местных медицинских кадров, оказание помощи в участии врачей в различных обучающих семинарах;<br>• Способствование искоренению сиротства и его антисоциальных последствий через продвижение идей успешного усыновления, опекунства и патроната путем положительного изменения общественного мнения к вопросу усыновления, опекунства и патроната, а также изменения законодательной базы в целях увеличения успешного усыновления, опеки и патроната;<br>• Обеспечение доступа детей-пациентов с тяжелыми заболеваниями к наиболее современным и эффективным методам диагностики, лечения и реабилитации, повышение социальной защищенности и качества жизни пациентов;<br>• Расширение сотрудничества с физическими лицами, | 3.2. Қор төмендегі мақсаттарға жету үшін құрылған:<br>• демеушілік қолдау көрсеткісі келетін коммерциялық ұйымдар/жеке тұлғалар мен балаларға арналған ұйымдардың арасындағы делдалдық арқылы жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мекемелерге нақты қаржылық және материалдық көмек көрсету.<br>• жетім балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды және медициналық мекемелерде ұзақ емдеуде жатқан балаларды, сондай-ақ олардың ата-аналарын әлеуметтік қолдау және реабилитациялау;<br>• медициналық мекемелерге көмек көрсету, жергілікті медициналық жабдықтауды жақсарту, жергілікті медициналық кадрлардың білім деңгейін арттыру, дәрігерлердің түрлі оқыту семинарларына қатысуына көмек көрсету;<br>• бала асырап алуға, оларды қамқорлығына алуға және патронатқа қатысты мәселелер жөніндегі жұртшылықтың пікірін оң үрдісте өзгерту жолымен сәтті бала асырып алу, оларды қамқорлығына алу және патронат идеясын насихаттау арқылы жетімдік пен оның антиәлеуметтік зардапдарын жоюға ықпал ету, сәтті бала асырап алуды, оларды қамқорлығына алуды және патронатты арттыру мақсатында заңдық базаны өзгерту;<br>• ауыр сырқаттанған науқас балалардың мейлінше заманауи және тиімді тексеру, емдеу, реабилитациялау әдістеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету, науқас балалардың әлеуметтік қорғануы мен өмір сүру сапасын арттыру;<br>• Қордың жарғылық және бағдарламалық міндеттерін шешетін кезде жеке тұлғалармен, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалармен, оның ішінде ғылыми- |

| | |
|---|---|
| государственными и негосударственными юридическими лицами, в том числе с научно-исследовательскими, медицинскими, культурно-просветительскими учреждениями, образовательными учреждениями, а также информационными центрами, творческими союзами, международными организациями при решении уставных и программных задач Фонда;<br>• Оказание финансовой помощи талантливым детям в получении образования, на участие во всевозможных соревнованиях в искусстве, науке, спорте;<br>• Пропаганда идей благотворительности, социальной ответственности и меценатства. | зерттеу, медициналық, мәдени-ағартушылық мекемелермен, білім беру мекемелерімен, сондай-ақ ақпарат орталықтарымен, шығармашылық одақтармен, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту;<br>• талантты балалардың білім алуына, өнер, ғылым, спорт саласындағы түрлі жарыстарға қатысуына қаржылық көмек көрсету;<br>• қайырымдылық, әлеуметтік жауапкершілік және меценаттық идеяларын насихаттау. |
| **3.3. Пути достижения указанных целей и мероприятия:**<br>• Проведение досуговых мероприятий для сирот, для детей с ограниченными возможностями, для тяжело больных детей и их родителей;<br>• Проведение семинаров и тренингов психологической поддержки для сирот, для детей с ограниченными возможностями, для тяжело больных детей и их родителей;<br>• Осуществление инфраструктурных проектов по ремонту и оснащению детских учреждений;<br>• Проведение мероприятий по приобретению профессии и хобби детьми сиротами и детьми с ограниченными возможностями;<br>• Работа по объединению других некоммерческих организаций для осуществления уставных целей;<br>• Оказание адресной помощи в оплате лечебного и оздоровительного обслуживания в медицинских учреждениях;<br>• Реализация имущества и | **3.3. Көрсетілген мақсаттарға жету жолдары мен іс-шаралары:**<br>• жетімдер балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға, ауыр сырқат балалар мен олардың ата-аналарына дем алу іс-шараларын өткізу;<br>• жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға, ауыр сырқат балалар мен олардың ата-аналарына психологиялық қолдау семинарлары мен тренингтерін өткізу;<br>• балаларға арналған мекемелерді жөндеу және жабдықтау жөніндегі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру;<br>• жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың мамандық алу және әуес ермектеріне (заттарын) ие болу жөніндегі іс-шараларды өткізу;<br>• жарғылық мақсаттарды іске асыру үшін өзге коммерциялық емес ұйымдарды біріктіру жөніндегі жұмыс;<br>• медицина мекемелеріндегі емдеу және сауықтыру қызметін көрсетуде нақты адамдарға көмек көрсету;<br>• жәрдемшілерден заттай түрде түскен мүлік пен қайырымақыларды |

| | |
|---|---|
| пожертвований, поступивших от благотворителей в натуральной форме, на цели Фонда, для достижения которых он создан;<br>• Содействие коллективам учреждений (дома ребенка, детские дома, интернаты, приюты, медицинские учреждения) в проведении лечебно-оздоровительных мероприятий: внедрение оздоровительных методик, организация консультаций и семинаров по вопросам профилактики, приобретение необходимого оборудования медицинского назначения, лекарственных средств и лечебного питания;<br>• Адресная помощь в организации и финансировании санаторно-курортного лечения и оздоровительного отдыха детей-сирот, детей с ограниченными возможностями;<br>• Импортирование, приобретение и оплата необходимых услуг, товаров и оборудования, наем или приобретение помещений;<br>• Оказание помощи в финансировании программ культурно-просветительского назначения;<br>• Осуществление издательской деятельности, организация средств массовой информации (включая электронные средства массовой информации), в том числе газет, журналов, иных печатных и электронных изданий, телевизионных и радиотрансляционных программ, распространение полиграфической продукции;<br>• Проведение научных и культурно-массовых мероприятий, в том числе, научно-практических и просветительских конференций, семинаров, выставок, тренингов, концертов, аукционов и др., а также | Қордың құрылу мақсаттарына жұмсау;<br>• емдеу-сауықтыру іс-шараларын өткізуге мекеме (балалар үйі, жетімдер үйі, интернаттар, жетімдерге арналған баспаналар, медициналық мекемелер) ұжымдарына көмектесу: сауықтыру әдістемелерін енгізу, сауықтыру мәселелері бойынша кеңестер мен семинарларды ұйымдастыру, медицинаға арналған қажетті жабдықты, дәрілік құралдарды және емдік тағамдарды сатып алу;<br>• жетім балаларға, мүмкіндігі шектеулі балаларға шипа-емжай емдерін және сауықтыру демалысын ұйымдастыруда және қаржыландыруда нақты көмек көрсету;<br>• қажетті қызметтерді, тауарлар мен жабдықты импорттау, сатып алу және төлеу немесе жайларды сатып алу;<br>• мәдени-ағартушылық мақсаттағы бағдарламаларды қаржыландыруға көмек көрсету;<br>• баспагерлік қызметті іске асыру, бұқаралық ақпарат құралдарын (оның ішінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарын), сондай-ақ газеттерді, журналдарды, басқа да баспа және электронды басылымдарды, телевизиялық және радио таралым бағдарламаларын ұйымдастыру, полиграфиялық өнімді тарату;<br>• ғылыми, мәдени-бұқаралық іс-шараларды, оның ішінде ғылыми-тәжірибелік және ағартушылық конференцияларды, семинарларды, көрмелерді, тренингтерді, концерттерді, аукциондарды және т.б. өткізу, сондай-ақ осындай іс-шараларды өткізуге көмектесу;<br>• ұлтына немесе кіретін партиясына, діни сеніміне, тұратын еліне тәуелсіз жеке азаматтардың күш-жігерін |

| | |
|---|---|
| содействие в проведении подобных мероприятий;<br>• Содействие в объединении усилий отдельных граждан независимо от их национальной и партийной принадлежности, религиозных убеждений, страны проживания, а также объединение усилий казахстанских, зарубежных и международных организаций, учреждений, организаций в их стремлении участвовать в реализации стоящих перед Фондом целей и задач;<br>• Разработка обучающих, оздоровительных и социальных программ, практическое внедрение данных программ;<br>• Создание и распространение тематической полиграфической, кино и видеопродукции в целях освещения научной, образовательной, культурной и социально- экономической жизни Республики Казахстан.<br>• Создание центров реабилитации, социальной адаптации и психологической коррекции;<br>• Производство, перевод с иностранных языков и распространение аудио-видео продукции и литературы культурно-просветительского содержания;<br>• Осуществление деятельности в сфере профилактики и охраны здоровья граждан, а также пропаганды здорового образа жизни, улучшения морально-психологического состояния населения страны;<br>• Создание учебных, культурных заведений или факультетов, центров и других отделений в действующих учебных заведениях в сфере медицинских, социальных, культурных и научных дисциплин.<br>• Внесение предложений, обращений, пожеланий государственным | біріктіруге көмектесу, сондай-ақ қазақстандық, шетелдік, және халықаралық ұйымдардың, мекемелердің, ұйымдардың Қор алдындағы мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға қатысуға деген ынта-ниеттерін жұмылдыру;<br>• оқыту, сауықтыру және әлеуметтік бағдарламаларды өңдеу, осы бағдарламаларды іс жүзінде енгізу;<br>• Қазақстан Республикасының ғылыми, білім беру, мәдени, әлеуметтік-экономикалық өмірін жарықтандыру мақсатында тақырыптық, полиграфиялық, кино және бейне өнімдерді құру және тарату;<br>• реабилитация, әлеуметтік бейімдеу және психологиялық сауықтыру орталықтарын құру;<br>• бейне-дыбыс өнімдерін, мәдени-ағартушылық мазмұндағы әдебиетті шығару, шет тілдерінен аудару және тарату;<br>• азаматтардың денсаулығын сауықтыру және қорғау, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау, ел халқының моральдық психологиялық жағдайын жақсарту саласындағы қызметті іске асыру;<br>• оқу, мәдениет орындарын немесе факультеттерді, медициналық, әлеуметтік, мәдени және ғылыми пәндер саласындағы әрекет ететін оқу орындарында орталықтарды және басқа да бөлімшелерді құру;<br>• осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін мемлекеттік органдарға ұсыныстар, талап тілектер енгізу;<br>• Қазақстан Республикасының жобаларын, оның ішінде нормативтік және нормативтік құқықтық актілерін өңдеу және өңдеуге қатысу, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған іс-шараларға қатысу; |

| | |
|---|---|
| органам для осуществления целей, указанных в данном Уставе;<br>• Разработка и участие в разработке проектов, в том числе нормативных и нормативных правовых актов Республики Казахстан, а также участие в мероприятиях, направленных на социально-экономическое развитие государства;<br>• Организация и проведение научно-исследовательских работ, а также участие в проведении таковых другими организациями;<br>• Снятие телевизионных и видео репортажей, организация телевизионных программ;<br>• Организация и проведение выставок, концертов, семинаров, симпозиумов, аукционов;<br>• Патриотическое, нравственное и гуманистическое воспитание молодежи;- Разработка и реализация новых идей, в том числе «ноу-хау» и поддержка идей авторов посредством реализации соответствующих программ поддержки. | • ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ оларды өзге ұйымдар өткізетін кезде қатысу;<br>• телевизиялық және бейне репортаждарды түсіру, телевизиялық бағдарламаларды ұйымдастыру;<br>• көрмелерді, концерттерді, семинарларды, симпозиумдарды, аукциондарды ұйымдастыру және өткізу;<br>• жастарды патриоттық, парасаттылық және гумандық тұрғыда тәрбиелеу;<br>• жаңа идеяларды, оның ішінде «ноу-хауларды» өңдеу және оларды іске асыру, тиісті қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру арқылы авторлардың идеяларын қолдау. |
| 3.4. Фонд осуществляет другие виды деятельности, соответствующие целям и задачам Фонда и не запрещенные действующим законодательством Республики Казахстан. Если для осуществления отдельных видов деятельности законодательством Республики Казахстан установлена необходимость получения необходимого разрешения (лицензии), Фонд будет осуществлять такую деятельность только после получения необходимого разрешения (лицензии). | 3.4. Қор өзінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерін іске асырады. Қайсы бір жеке қызмет түрін іске асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті рұқсат (лицензия) алу қажеттілігі қарастырылған болса, Қор осы қызмет түрін тиісті рұқсатты (лицензияны) алғаннан кейін ғана іске асыратын болады. |
| 3.5. Фонд вправе осуществлять предпринимательскую деятельность, способствующую достижению уставных целей и не противоречащую законодательству Республики Казахстан. Доходы от предпринимательской | 3.5. Қор жарғылық мақсаттарға жетуіне ықпал ететін және Қазақстан Республикасының зңнамасына қайшы келмейтін кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануға құқылы. Қордың кәсіпкерлік қызметінен түсетін табысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс. Кәсіпкерлік қызметтен |

| | |
|---|---|
| деятельности Фонда подлежат налогообложению в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Доход, полученный от предпринимательской деятельности, не поступает в собственность учредителя, не распределяется между иными лицами, и используется на уставные цели. | алынған табыс құрылтайшының меншігіне түспейді, өзге тұлғалардың арасында бөлінбейді және жарғылық мақсаттарға ғана жұмсалады. |
| 3.6. Фонд может создавать филиалы и открывать представительства на территории Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Филиал и представительство осуществляют деятельность от имени создавшего их Фонда. Ответственность за деятельность своего филиала либо представительства несет Фонд. | 3.6. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдарын құрып, өкілдіктерін аша алады. Филиал мен өкілдік өз қызметін оларды құрған Қордың атынан іске асырады. Өз филиалының немесе өкілдігінің қызметі үшін Қор жауап береді. |
| **СТАТЬЯ 4. УПРАВЛЕНИЕ ФОНДОМ** | **4-БАП. ҚОРДЫ БАСҚАРУ** |
| 4.1. Управление делами Фонда обеспечивается:<br>• Высшим органом управления - Учредитель;<br>• Коллегиальным органом управления – Попечительским Советом;<br>• Исполнительным органом - Президентом Фонда;<br>• Контрольным органом – Ревизором; | 4.1. Қордың істерін басқаруды төмендегілер қамтамасыз етеді:<br>• Жоғарғы басқару органы - Құрылтайшы;<br>• Алқалық басқару органы – Қамқоршылық Кеңесі;<br>• Атқарушы орган – Қор Президенті;<br>• Бақылаушы орган – Тексеруші; |
| 4.2. Учредитель является высшим органом управления Фонда. Учредитель вправе принимать решения по любым возникающим вопросам деятельности Фонда, посредством единоличного принятия решения.<br>К исключительной компетенции **высшего органа управления** относятся вопросы:<br>- принятия, внесения изменений и дополнений в учредительные документы Фонда;<br>- добровольной реорганизации и ликвидации Фонда;<br>- определение компетенции, организационной структуры, порядка формирования и прекращение полномочий органов управления Фонда; | 4.2. Құрылтайшы Қордың жоғарғы басқару органы болып табылады. Құрылтайшы дара шешім қабылдау арқылы Қор қызметінде туындайтын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.<br>**Жоғарғы басқару органының** айрықша құзіретіне мынадай мәселелер жатады:<br>- Қордың құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды қабылдау, енгізу;<br>- Қорды ерікті қайта құру және тарату;<br>- Қордың басқару органдарының құзіретін, ұйымдастыру құрылымын, оларды құру және уәкілеттігін тоқтату тәртібін анықтау;<br>- атқарушы органдардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен кезеңділігін, сондай-ақ бақылаушы органның тексеру өткізу тәртібін анықтау және олардың |

| | |
|---|---|
| - определение порядка и периодичности предоставления финансовой отчетности исполнительных органов, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждение их результатов;<br>- принятие в пределах, установленных законодательными актами, решение об участии Фонда в создании или деятельности других юридических лиц, а также своих филиалов и представительств;<br>- согласование на назначение Президентом кандидатуры бухгалтера Фонда;<br>- а также другие вопросы деятельности Фонда в соответствии с законодательными актами. | нәтижелерін бекіту;<br>- заң актілерінде белгіленген шекте Қордың өзге заңды тұлғаларды, сондай-ақ өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;<br>- Президенттің Қор бухгалтерінің кандидатурасын тағайындауын мақұлдау;<br>- заң актілеріне сәйкес Қор қызметінің басқа да мәселелері. |
| 4.2.1. Учредитель Фонда имеет право:<br>- участвовать в управлении Фондом в порядке, предусмотренном настоящим уставом;<br>- участвовать в мероприятиях и программах, проводимых Фондом и его структурными подразделениями;<br>- вносить предложения в органы управления Фонда по вопросам деятельности Фонда;<br>- получать информацию о деятельности Фонда;<br>- выйти из Фонда в установленном порядке. Условия и порядок приема и выхода Учредителя фонда определяются добровольно на основании личного заявления. Решение о выходе и приеме нового учредителя принимается решением Учредителя. | 4.2.1. Қор құрылтайшысының құқықтары:<br>- осы жарғыда қарастырылған тәртіпте Қорды басқаруға қатысу;<br>- Қор мен оның құрылымды бөлімшелері өткізетін іс-шаралар мен бағдарламаларға қатысу;<br>-Қор қызметінің мәселелері бойынша Қордың басқарушы органдарына ұсыныстар енгізу;<br>- Қор қызметі туралы ақпарат алу;<br>- белгіленген тәртіпте Қордан шығу. Құрылтайшыны қорға қабылдау және оның қордан шығу талаптары мен тәртібі жеке өтініші негізінде ерікті түрде анықталады. Жаңа құрылтайшыны шығару және қабылдау туралы шешімді Құрылтайшы қабылдайды. |
| 4.2.2. Вопросы рассмотрения и утверждения финансовой отчетности Фонда, а также результатов проверки контрольным органом деятельности исполнительного органа Фонда вносятся на рассмотрение Учредителю не позднее, чем за 20 календарных дней до даты его проведения. | 4.2.2. Қордың қаржылық есептілігін, сондай-ақ бақылаушы органның Қордың атқарушы органының қызметін тексеру нәтижелерін қарастыру және бекіту мәселелері Құрылтайшының қарауына ол өткізілген күннен бастап 20 күнтізбелік күннен кешіктірмей енгізіледі. |
| 4.3. **Коллегиальным органом** управления является Попечительский Совет.<br>Попечительский Совет, возглавляемый Председателем, осуществляет контроль над соответствием деятельности Фонда его уставным целям, а также за правильным и | 4.3. **Алқалық басқару органы** болып Қамқоршылық Кеңес табылады.<br>Төраға басшылығындағы Қамқоршылық Кеңес Қор қызметінің жарғылық мақсаттарға сәйкестігін, сондай-ақ іс жүргізудің дұрыс әрі адал іске асырылуын бақылауды іске асырады. |

| | |
|---|---|
